

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2022)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YWJC7662>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. К. Шаймерденова¹, Е. Жуматаева², Б. С. Юсупова³**

^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІ АДАМИ КАПИТАЛҒА БАҒДАРЛАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада студенттерді адами капиталға баулудың мәселелері қарастырылған. Адами капитал – адамның еңбек ету мүмкіндігін, жаңалыққа сапасын көтеретін біліктілік пен қабілетке салынатын капитал. Бүгінде білім беру үдерісінде әр адамды қазіргі заманға сай білім ала білуге, өмір сүруге, бірлесіп өмір сүруе білуге үйрету мақсаты тұр. Бәсекеге қабілетті адам болуың үшін, біліміңді дамыту үшін өз аймағынан жиі шығып тұру керек. Бүгінгі таңда жастардың әртүрлі әлеуметтік сатыдағы өзінің дарыны мен білімін, тәжірибесіне қарай өзінің әлеуетін көрсетуге мүмкіндіктері көп. Қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында адамның бәсекеге қабілеттілігін дамыту студенттерді адами капиталға баулу педагогика ғылымы үшін маңызды. Сол себепті тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ғылыми әдіснамалық бағдар ретінде адами капиталды қалыптастырудың жолдары, амалдары, анықтамалары мен мәндік сапа-көрсеткіштері қарастырылады және талданады. Сонымен қатар, адами капитал құрылымына қатысты әр алуан әдіс-тәсілдер бар. Кәсіби дағдыларды дамыту, біліктілікті арттыру, тәжірибе жинақтау, қайта даярлау – өз жауапкершілігі саласындағы жаңалық. Бәсекеге қабілеттілік капиталы, ұтқырлық, шығармашылық капитал және басқа да бірқатар жағымды тұжырымдар қамтылатыны қарастырылады. Адами капиталды басқаруда осындай тәсілді қолдану инновациялық процестерді арттыру мүмкіндіктері дәйектелген. Білім беру кеңістігіндегі студенттерге қойылатын жаңа талаптар: креативті ойлау мен техникалық дағдыларды дамыту, болашақ маманға қажетті коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру. Адами капиталдың тұрақты дамуының мазмұны, заманауи педагогикалық алғашарттары қоғамдық дамудың тетіктері бойынша қорытынды жасалады.

Кілтті сөздер: адами капитал, қабілет, еңбекке баулу, стохастикалық парадигма, рухани байлық, студент.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауында «Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпы ұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Адамдар – еліміздің басты құндылығы», – деп еліміздегі адами капиталдың рөлін дөп басып көрсетті [1].

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның білім беру кеңістігінде студенттерді адами капиталға бағамдау – бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Әрбір индивидтің өзіне тән табыстылық көзін ашуына бейімделуі – оның табиғи мүмкіндігі. Бұл орайда «мүмкіндік» ұғымы парадигманың стохастикалық жолын таңдауына тәуелді екені анықталды. «Стохастикалық парадигма» әрбір студенттің перцептивті қабылдау деңгейінің иерархиялық сатысынан өтуіне оқытушы-профессорлар құрамы қолайлы жағдай туғызуы көзделеді. Осындай көкейкесті мәселенің зерттелу үдірісіндегі феномендік мәнділікті анықтау мақсатында біздер бірталай ғалымдардың еңбектерін талдау жасап, мақаланың мазмұндық сипатын ашқанды жөн көрдік.

Білім беру кеңістігінде студенттердің адами капиталын өркендетуге оқылым нысаны арнайы ұсынылмауы мен оның жеке ерекшеліктерін, шығармашылық шеберліктерін дамытудың арасындағы қайшылық мақаламызды осы тақырыпта жазуға себеп болды.

Білім беру бағдарламаларында қолданылатын ғылыми зерттеулердің құрылымы мен мазмұнын, әдіснамасы мен технологиясын бірауыздан бағалау кешегі тоталитаризмге келуді білдіреді. Негізгі себеп – әр университет өзінің жеке мәртебесі мен дәрежесі бар мекеме. Бұл ретте жалпы білім беру стандарты студенттер аудиториясындағы қызметті толық көлемде қамти алмайды.

Зерттеудің нысаны: білім беру кеңістігі.

Зерттеу пәні: білім беру кеңістігіндегі студенттерді адами капиталға бағдарлаудың жолдары.

Мақсаты: білім беру кеңістігінде студенттерге адами капиталды ұтымды меңгертудің жолдарын айқындау.

Міндеттері:

– білім беру кеңістігінде студенттердің адами капиталын өркендетудің әдіснамалық негізін саралау;

– студенттердің рухани құндылықтарға зер салуын қамтасыз ету, оның адами және заттық капиталға айналдырудың жүйесін ұсыну;

– жоғары оқу орынында жұмыс істейтін адамдарға тән рухани әлеуеттің мүмкіндіктеріне байланысты ол міндетті оқу пәндерінің бағдарламаларын және міндетті әдебиеттерді сұрыптау.

Жалпы білім беру кеңістігінде студенттер адами капиталға бағдарлау талабына сәйкес әрқашан өзгеріп, дамып отырады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында, студенттердің адами капиталының жоғары сапасын стандарт талаптарына сәйкестікпен салыстыру әдісі, ғылыми зерттеу тақырыбының әдіснамалық негізін құруда *анализ әдісі*, талдаудан алынған нәтижелер негізінде матрица құру үшін *синтез әдісі* қолданылды.

Білім беру кеңестігінде студенттердің адами капиталының бағытын, мақсат қою мен нәтижеге қол жеткізудегі басқарудың жетекші рөлін, университеттің міндеттерді шешудегі онымен байланысты жұмыстың үдерісін шешуді, оны жүйелі түрде құра білуді, өнімнің тұрақты сапасын, іс-әрекеттің дұрыс құрылысын ескере отырып, осы стандарттың басшылығымен тікелей байланыстылығын көрсету.

Г. Беккер адами капиталдың табиғи мүмкіндігі басқаларға белгілі бола бермейтініне тоқталып, оның құрлымдық жүйесі сол кісіге ғана анық байқалады деп есептеген [2]. Біздер бұл тұжырымға ден қойып, адами капиталға студенттердің өздігінен бейімделуінің феномені деген ой түйдік. Студенттердің өздігінен табиғи мүмкіндігін ескеріп, түбінде меңгеруге тиіс мамандығына қатысты дағдылар мен біліми-ғылыми дүниетанымының жолдары жіктелген.

Зерттеуші Т. Шульцтің еңбегінде «адами капитал» ұғымын білім мен ғылымнан трансформацияланған құнды қасиеттері және оны инвестициялардың өнімділігін ұдайы арттырып отыруға ықпал етер экономикалық мүмкіндігі деген ой-пікір айтқан [3]. Бұл ой-пікір біздің зерттеу еңбегіміздің тірек көзіне қызмет етері сөзсіз. Халқымыздың асыл сөзі: «Еңбегің жансын» дейтін тілегі аталған ой-пікірге сәйкес келетіні байқалады. Қаншама адамдардың еңбектері жанбай жатып сөніп қалатынына куә болып келеміз. Еңбектің нәтижеге жетуі оның алдын-ала жобалау үдерісінің жолын жүзеге асатыны байқалады.

Л. Туроу адам капиталы өнім мен қызметтердің өндіру қабілеті тұрғысында қарастырған [4]. «Өнім» ұғымы адамның тауарлары жайлы білімінің тереңдігіне қатысты екеніне автор ерекше мән берген.

Жоғарыдағы өнім мен қызметтердің өндіру қабілетінің заманауи сұранымына жауап берерліктей тепе-теңдікте үндесіп келуіне Л. Туроу ерекше екенін жасаған. Дж. Линдсей адами капиталды оқыту немесе білім беру сыңайында қарастырған [5]. Түйіндемесінде зерттеуші кей тұста тәжірибеден

алынған ақыл-ой қабілеттері сапасындағы капитал деген тұжырым жасаған. Автордың тұжырымындағы тәжірибеден ақыл-ой жию бүгінгі таңда мүмкін еместігі анықталды.

Б. М. Генкин еңбегіндегі біздің зерттеуімізге көмекке келер бағамдарын төмендегі түзіліммен ұсынып отырмыз [6]:

- 1) адам капиталы – үй шаруашылығының өнімді өркен-жаюы;
- 2) үй ішіндегі кәсіпорынның адамға табыс орнының болуы;
- 3) адамның әлеует деңгейінің қабілеттілігін анықтайтын өлшемдіктер жіктемесінің алгоритмінің құрылуы.

Автордың жіктелген үш түрлі түзілімге түсірген қабілеттіліктің құндылығын адамға аңғартудағы адами капиталдың құрамдас үдірістері:

- өркен жаюы;
- табыс орнының болуы;
- іскерлікті анықтайтын өлшемдіктердің алгоритммен құрылуы.

Көрсетіліп отырған үш құрамдас бөліктер – адами капиталды құруға, оның нәтижеге бағдарлануына біздің еңбегіміздің негізін қалауға таптырмас нысан.

Адами капитал жайлы Ю. А. Корчагин ғылыми зерттеу еңбегінен біздер төмендегідей матрицаны құрып, оның жүйесін анықтадық (1-сурет) [7].



Сурет 1 – Ю. А. Корчагин адами капиталдың танымындағы төменге құлдырау заңдылығы

Өл-Фараби өз еңбегінде «Адам мен адамның бір-бірімен араласу, өзара қарым-қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де, өзгелер үшін де ашылады», – деп көрсетеді [8]. Сондықтан, егер негізгі ойларды сараптамалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, онда адами капиталды дамытатын маман кез-келген ақпарат ағынынан қажетті білім мен ғылымды жинай алатындығы белгілі болады. Білім беру кеңесінде адами капиталға бағдарлану жоғары оқу орнындағы болашақ маманға өз білімі мен ғылыми нәтижелерін заманауи талаптар негізінде меңгеруге мүмкіндік туғызу оқытушы-профессор құрамының міндеті.

Білім беру кеңесінде білім беруді дамытудың ағымдағы бағдарламасының басты мәселесі адами капиталдың сапасын арттыру болып табылады. Бұдан басқа, білім беру үдерісінің қолжетімді, ашық, көп жоспарлы және беделді болуы үшін мемлекетте жағдайлар жасалғанына көз жеткізу көзделеді. Қазіргі әлемде сауатты болу жеткіліксіз. Біздің жастарымыз әрқашан ең үздік жабдықта, ең заманауи өндірісте жұмыс істеу дағдыларын меңгеруі тиіс, бұл «Қазақстан – 2050» Стратегиясында белгіленген ұлттық білім беруді дамытудың жаңа тәсілдеріне жол берудің бірі болып табылады [9].

Демек, түйінді пікірге сараптамалық ой көзімен қарасақ, адами капиталды өркендеткен маман өзіне қажетті білім мен ғылымда кез-келген ақпарат тоғынынан жинай алатыны қадағалануы көзделеді. Білім беру кеңестігінде адами капиталға бағдарланудың жоғары оқу орнында болашақ маман өзінің білім мен ғылыми нәтижесін заманауи талаптары негізінде меңгерудің жолдардарын іске асыру.

Жеке тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытып отыруға ұмтылуы өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу жолында жүзеге асады.

Білім беру кеңістігінде студенттерді адами капиталға бағдарлаудың жолдары айқындалу, басымдыққа бағдар жасау қарастырылады. Бәсекеге қабілетті, өз кәсіби жұмысын жетік білетін мамандарға деген сұраныс артып, күннен-күнге күшейіп келе жатқандығы әрбір іс-әрекетте өнімді болу өмір талабы. Қарқындап дамуға дем беретін ақпараттық инфрақұрылымнан бастап, өзінің ой-санасын сезіне білу мәдениетіне деген аталған ұстаным негізге алынады. Әсіресе, күйзеліс, дағдарыс өршіген кезеңдерде, адам денсаулығын сақтай отырып, қоғамға пайда келтіретін жұмыспен айналысуға мүмкіндік береді.

Жалпы, адам үшін ол өмір сүретін орта тартымды және жайлы болуы өнімнің дұрыс өндірілу жолы болмақ. Мұндай орта дарынды, талантты адамдарға айналасында жоғары интеллектуалды және инновациялық кеңістік құруға мүмкіндік береді.

Кәсіби дағдыларды дамыту, біліктілікті арттыру, тәжірибе жинақтау, қайта даярлау, өз жауапкершілігі саласындағы жаңашылдық, адамның еңбегі мен қабілетінің маңыздылығы туралы Адам Смит [10], Дэвид Рикардо жан-жақты зерттеген [11]. Олар адамның қабілеті, оның білімі жұмысшының жұмысына да, елдің экономикалық өсуіне де әсер етеді деп жазды.

Ғылыми зерттеу құрылымы мен мазмұнына, білім бағдарламаларына пайдаланылатын әдіснамасы мен технологиясына бір орталықтан үкім шығару кешегі тоталитаризмге қайта келу дегенді аңғартады. Оның басты себебі әрбір жоғары оқу орны жеке-дара өзіне тән мәртебесі мен дәрежесі бар мекеме. Мұнымен бірге стандарт студенттердің аудиториясындағы іс-әрекетті толық қамти алмайды. Адам ресурстарын табиғи ресурстармен салыстыру, бұл екеуі де бастапқыда қажетті нәтиже бермейтінін және өңдеуден кейін қажетті қасиеттерді алатындығы байқалды.

Қолда бар ресурстар зияткерілікті, әлеуметтік дағдыларды, ұйымдастырушылық-кәсіпкерлік және т.б. дамыту есебінен алға жылжиды. Адами капиталды басқаруда осындай жолдарды қолдану инновациялық үдерістерді жеделдетуге және кәсіпорынның дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыру, олардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, үздіксіз білім алуға ынталандырудың психологиялық жолдарын ұтымды қолдану көзделеді. Білім беру кеңестігінде студенттердің, ынталандыру жүзеге асырылуының төте жолы – нұсқалы іс-әрекет. Білімге, ғылымға ерекше басымдық бере отырып, Қазақстан енді ұлт ретінде жаһанданудың алдында жойылмау үшін терең білімі, бәсекеге қабілеттілігі, ұлттық құндылықтары бар, ұлттық кодты сақтаған ақыл-есі жетілген тұлға болу үшін маңызға ие. Бұл бағытта ол ата-бабалар мұрасымен байланысты ақыл-ой мен парасатты пайымдауды білдіреді. Адамның құндылығы, оның рухани байлығы, жастарды тәрбиелеу, оларға патриоттық рухты сіңіре білу – ол үшін ұлттық сана жаңғыртылып, үнемі өркендеп, рухани дамуы тиіс. Жастардың зияткерлік көрсеткіштері олардың білім деңгейімен ғана өлшенбейді. Сондай-ақ, олардың рухани жандану жолымен тікелей байланысты. Білім беру кеңесінде студенттер адами капиталға назар аударады. Әр адам үшін оны тәрбиелеу, ұлттық өзін-өзі тану, ұлттық құндылықтар және олардың жаһандық өзгерістерді дұрыс игеруі маңызды екені анықталды.

Білім беру кеңестігінде студенттерді адами капиталға бағдарланудың жолдары ерекше. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы тұлғаны қалыптастыруда оқу орындарының маңызды зор.

Білім беру кеңестігінде білімді беру саласындағы реформалау жайындағы ойларын, сындарлы саясатын талдап, оны жүзеге асыру жолдарында бағыт-бағдар ұсынылуда. Әрине, бүгінгі сәт сайын өзгеріп жатқан әлемде буыны қатая қоймаған студенттердің мұндай өзгерістерге тез бейімделіп кетуі біраз қиындықтар туғызады. Көптеген факторлар біздің сыртқы әлемге талаптарымыз және бағдарламаларға байланысты. Адами капиталдың адам үшін маңыздылығы мен қажеттілігін ұғыну үшін оның мәнін жан-жақты деңгейде қарастыруға басымдық беріледі.

Нәтижелер және талқылау

Студенттердің адами капиталға бағдарлаудың жолдары еңбегіміздің әдіснамалық негізінен туындады. «Жол» ұғымы аталған мәселені іске асыру үдерісінде қолданылатын нысан.

Жаңа әлемдегі жаңа қазақстанның білім мазмұны мен оқытылым мазмұнына стандарттан тыс атқарылатын үдерістік іс-әрекеттің перцептивті өнімді қолдануына қозғаушы күш – ғылыми бағамдағы жолдарын саралау. Бұл – *бірінші жол*, нақтылап айтсақ, студент өзінің жұртқа белгісіз құзыреттілігін айғақтайтын ғылыми бағамын болашақтағы меңгеруге тиіс мамандығына қатысты әдебиеттерден бернелеуі.

Студенттің жұртқа белгісіз болашақтағы кәсіби қабілетін өркендететін перцептивті мүмкіндігін айқынау жолы. Бұл – *екінші жол*.

«Белгісіз мүмкіндікті айқындау» педагогикалық ұғыммен түсіну, «белгісізді белгілі тұрғыда меңгеру» студенттердің өздігінен диагностикалауын стохастикалық парадигма арқылы шешу жолы. Бұл – *үшінші жол*.

Студент өздігінен зерттеу жұмысын адами капиталға бағдарлау барысында феноменін табуының жолдарын нұскалы тұрғыда табу. Бұл – *төртінші жол*.

Студенттердің табиғи мүмкіндігі ескеріліп, оның үзіліссіз қоғам сұранымына бейімделу үдерісіне қатысты дағдылары мен біліми-ғылыми дүниетанымдарының траекториясын ойша образға түсіру кезеңдерінің жолдары. Бұл – *бесінші жол*.

Студенттердің адами капиталға қол жеткізер үштік формуласы: 1) үй шаруашылығындағы өнім; 2) үй-ішіндегі кәсіпорынның табыс әкелер мекені; 3) адамның әлеует деңгейінің қабілеттілігін анықтайтын өлшемдіктердің алгоритмі. Міне, осы үштік формуланы жүзеге асырудың өнімді жолдарын анықтау. Бұл – *алтыншы жол*.

Студенттердің адами капиталын бағдарлау үдерісінде психологиялық (перцептив, апперцептив, саңылау сезімдердің қызметі, мотивация, соқыр сезімдерді ысыру және т.б.) және педагогикалық үрдістер (жүйені табу,

ғылымилық негізді саралау, білім мазмұнын оқыту мазмұнымен тұтас қамту, оның өнімділік бағдарға қызметін анықтау, амал-тәсілдерін, өнімді әдістерін талдау, жинақтау, феноменін табу, силогизм, интериоризацияны іске асыру, жалпылау, диагностикалау, жобалау және т.б) қолданылады. Аталған феноменін табу педагогика іліміндегі білім философиясы, психология, педагогика, экономика пәндерінің интеграциясы – жұмыстың іске асырылу жолы. Бұл – *жетінші жол*.

Әр адам өз қызметінде әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға және оны бағалауға біздің қабылдауымызға, сыртқы әлемнің жағдайлары мен құбылыстарына деген көзқарасымызға айтарлықтай әсер етеді. Барлық студенттер өз міндеттерін өмірде кездесетін көптеген мәселелермен шешуге дайын емес. Студент жаңа рөлдерді игеруге, жаңа жағдайларға бейімделуге мәжбүр болады.

Ұлттық тәрбие арқылы тұлғаны дамыту, белгілі бір қызмет арқылы оқыту негізгі құндылықтарға ие болуы, бүгінгі күн тәртібі:

- студент пен оқытушы-профессорлар құрамы әр мәселе бойынша өз көзқарасын білдіруі;

- студенттердің жеке ерекшеліктерін дамыту, қоғам алдында жауапкершіліктің болуы;

- дербес пән: өзін-өзі бақылау мен бағалауға, шешім қабылдауға мойын ұсындыру;

- толеранттылық, әр түрлі пікір қабылдай білу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін түсіну, дұрыс шешім қабылдау.

Диалог жеке тұлғаны қалыптастырудың құралған емес, сонымен бірге оның адами мәнін де көрсетеді. Жеке тұлғаның белсенділігі, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс басқа жағдайлардан бөлек емес, басқа адамдармен диалогтық қарым-қатынасқа түсу кезінде орындалады.

Білім беру кеңестігінде қай мамандықта оқыса да, студенттердің білімі-ғылыми деңгейліктеріне сай аталған әр түрлі мамандарды жоғары оқу орнының қабырғасынан өмірге араластыруға маңызы артып отырғанын аңғарамыз.

Біз осы ерекшеліктерді жіктедік және жоғарыда келтірілген мысалдарға сүйене отырып, студенттердің адами капиталын анықтау келесідей процесс: студенттердің адами капиталы жұмысының мақсатын кәсіби мамандардың көмегімен анықтау, оған жету жолдарын ұйымдастыру және көрсету.

Студенттердің адами капиталының тиімділігі мақсат қою қабілетіне байланысты. Мақсат – студенттердің адами капитал формасының символы және күтілетін нәтижені қамтамасыз ету үшін оның параметрі. Күтілетін нәтиже – бұл алдағы жағдай, белгілі бір даму траекториясы,

ол орындалуы керек, яғни бұл студенттердің адами капиталы қызметінің нысаны. Жүйеге әсер ету – іс-шаралар кешенін орындау. Бұл іс-әрекеттегі қалыптасқан стереотиптер қызметтің сипатын өмірдегі өзгерістерге дейін төмендететінін көрсетеді. Осылайша, нәтиже жаңа жағдайларды жасауға ұмтылу, бастамашылық сияқты басқа шешімдерден бөлек шешім қабылдауға бағытталған студенттердің адами капиталының әсері әр түрлі.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, білім беру кеңестігінде студенттерді адами капиталға бағдарланудың жолдары студенттердің адами капиталы үдерістік іс-әрекет, студенттердің адами капиталының кәсіби даярлықтағы мамандардың көмегімен жұмыстың мақсат міндетін айқындау және оның нәтижесін әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру; студенттердің адами капиталын оның қызметін тиімді іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру, тәртіптеу, бақылау, қажеттілігін білу, студенттердің адами капиталына мүмкіндіктерге жол беру; шешімдерді алдын ала саралау, оны жинақтау, студенттердің адами капитал жолдарына – білімдік бейінді аумақты тұрғыда қабылдауда студенттердің өздігінен игеруіне ғылымның тигізер әсерін, әрбір пән оқытушы-профессорлар құрамы оқу үрдісінде жүйелеп, қажеттісін алып, мәселелердің арнайы пәндерге қатысты туындайтынын, оны шешу жолдарын іріктеуді жүзеге асырдық.

Бұл ғылым теориясы, оның заңдылықтары мен принциптері, функциялары мен түрлері, мақсатты іс-әрекет әдістері және оны оқыту. Білім беру кеңістігіндегі студенттердің адами капиталы – бұл теориялық және практикалық білімді жүйелеудің жиынтығы.

Қорытынды

Қорыта келгенде, еңбегіміздің көкейкестілігін шешуге жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектеріндегі феноменді тұстары сараланды:

- 1) адами капитал әрбір адамның өзімдік мүмкіндігіне тікелей бағыныштылығы зерделенді;
- 2) адами капитал білім мен ғылымнан жинақталатыны байқалады;
- 3) еңбектің нәтижеге жетуі құрылатын жобалау амалының мақсатқа қатыстылығы тұрғысында сұрапталды;
- 4) өнім мен қызметтердің өндіру қабілеттіліктерінің ескерілуіне мән берілді;
- 5) қабілеттіліктің құндылығын анықтайтын үш құрамдас бөліктері жіктелді;
- 6) адами капиталдың төменге құлдырамау заңдылығы матрицамен көрсетілді.

Сондықтан бүгінгі таңда білім беру кеңістігінде студенттердің адами құндылықтарының ерекшеліктерін практикалық қолдану барған сайын

маңызды бола түсуде. Тандалған бағдарламалық тақырыптың көкейкестілігі әлеуметтік, ғылыми техниканың жетістіктеріне, еңбек түрлерімен тығыз байланысты. Білім беру кеңістігінде әр студент өзінің жеке үлесін қосады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (Қаралған күні: 11.10.2022).

2 **Becker, G. S.** Human Capital: a theoretical and empirical analysis, with special reference to education [Text] // by Gary S. Becker. – 2d ed. – New York : National Bureau of Economic Research: distributed by Columbia University Press, 1975.

3 **Shultz, T.** Human Capital in the International Encyclopedia of the Social Sciences [Text] // – N.Y., 1968. – Vol. 6., p 75.

4 **Thurrow, L.** The Future of Capitalism. How Today's Economic Forces Shape Tomorrow's World. [Text] // Penguin books, 1997. – 250 p.

5 **Долан, Э., Линдсей, Д.** Макроэкономика [Текст] // пер. с англ. Лукашевича В. И др. ; под. Общ. Ред. Лисовика Б. И др. – СПб, 1994. – 405 с.

6 **Генкин, Б. М.** Экономика и социология труда: [Текст] // учебник для студентов вузов, обучающихся по экон. спец. / Б. М. Генкин. – 8-е изд., пересм. и доп. – М. : НОРМА, 2009. – 462 с.

7 **Korchagin, Yu. A.** Development prospects for Russia. Human capital and innovative economy. [Electronic resource]. – URL : https://www.shsconferences.org/articles/shsconf/ref/2019/12/shsconf_eurasia2019_05003/shsconf_eurasia2019_05003.html.

8 **Аль-Фараби.** О разуме и науке. [Текст] // – Алма-Ата : Наука, 1975. –136 с.

9 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. [Электрондық ресурс]. –URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (Қаралған күні 21.10.2022).

10 **Смит, А.** Исследование о природе и причинах богатства народов. – М. : Соцэкгиз, 1956, с. 490.

11 **Рикардо, Д.** Сочинения. [Текст]. – М. : Изд-во социально-экономич. лит-ры, 1958 – 223 с.

REFERENCES

1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń «Ádiletli memleket. Birtutas ult. Berekeli qoǵam» Qazaqstan halqyna Joldaýy [«A just state. United Nation. Blessed society»] [Electronic resource]. – URL : <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (Qaralǵan kúni : 11.10.2022)

2 **Becker, G. S.** Human Capital: a theoretical and empirical analysis, with special reference to education [Text] // by Gary S. Becker. – 2d ed. – New York: National Bureau of Economic Research: distributed by Columbia University Press, 1975.

3 **Shultz, T.** Human Capital in the International Encyclopedia of the Social Sciences [Text] // – New York, 1968. – Vol. 6. – P. 75.

4 **Thurrow, L.** The Future of Capitalism. How Today's Economic Forces Shape Tomorrow's World. [Text] // Penguin books, 1997. – 250 p.

5 **Dolan, E., Lindse, D.** Makroekonomika [Macroeconomics] [Text] // per. S angl. Lýkashevicha V. I dr. ; pod. Ob. Red. Lisovika B. I dr. – SPb, 1994. – 405 p.

6 **Genkin, B. M.** Ekonomika i sotsiologii trýda [Economics and Sociology of labor] [Text] // ýchebnik dlia stýdentov výzov, obýchaiýhsia po ekon. spets. / B. M. Genkin. – 8-e izd., peresm. i dop. – M. : NORMA, 2009. – 462 p.

7 **Korchagin, Yu. A.** Development prospects for Russia. Human capital and innovative economy [Electronic resource]. – URL: https://www.shsconferences.org/articles/shsconf/ref/2019/12/shsconf_eurasia2019_05003/shsconf_eurasia2019_05003.html.

8 **Al-Farabi.** O razýme i naýke [About reason and science] [Text]. – Alma-Ata: Naýka, 1975. – 136 p.

9 «Qazaqstan – 2050» Strategiiasy [«Kazakhstan – 2050» Strategies] [Electronic resource]. – URL : https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (Qaralǵan kúni 21.10.2022).

10 **Smit, A.** Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov [Research on the nature and causes of the wealth of nations] [Text]. – Moscow : Sotsekgiz, 1956, p. 490.

11 **Rikardo, D.** Sochineniia [Essays] [Text]. – Moscow : Izd-vo sotsialno-ekonomich.lit-ry, 1958 – 223 p.

Матеріал 14.12.22 баспаға түсті.

*А. К. Шаймерденова¹, Е. Жуматаева², Б. С. Юсупова³

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.12.22.

ПУТИ ОРИЕНТАЦИИ СТУДЕНТОВ НА ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

В данной статье рассматриваются вопросы приобщения студентов к человеческому капиталу. Человеческий капитал – это способность людей к труду, который приносит им доход. Человеческий капитал зависит от интеллекта, знаний, умений, навыков, здоровья и качества жизни. На сегодняшний момент целью образовательного процесса является научить каждого человека идти в ногу со временем, уметь коммуницировать и адаптироваться в обществе. Для того чтобы стать конкурентоспособным человеком, каждый должен выходить из зоны своего комфорта. Все это способствует развитию познавательных процессов человека и расширяет его знания. Сегодня молодые люди на разных социальных уровнях имеют огромные возможности проявить свои таланты, знания и потенциал в зависимости от приобретенного ими опыта. Развитие конкурентоспособности человека в новых социально-экономических условиях общества важно для педагогической науки с точки зрения приобщения учащихся к человеческому капиталу. Именно поэтому способы, методы, определения и содержательные качественные показатели формирования человеческого капитала рассматриваются и анализируются как научно-методологическая установка развития конкурентоспособности личности. Кроме того, существуют различные подходы в структуре человеческого капитала: развитие профессиональных навыков, повышение квалификации, накопление опыта, переподготовка. Человеческий капитал охватывает конкурентноспособность, мобильность, творчество и ряд других положительных концепций. Применение такого подхода в управлении человеческим капиталом позволяет наращивать инновационные процессы. Новые требования к учащимся в образовательном пространстве: развитие творческого мышления и технических навыков, формирование коммуникативных навыков, необходимых будущему специалисту. В заключении делаются выводы о содержании устойчивого развития человеческого капитала,

современных педагогических принципах и механизмах социального развития.

Ключевые слова: человеческий капитал, способности, трудовое обучение, стохастическая парадигма, духовное богатство, студент.

**A. K. Shaimerdenova¹, E. Zhumataeva², B. S. Yusupova³*

^{1,2,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 14.12.22.

WAYS TO ORIENT STUDENTS TOWARDS HUMAN CAPITAL IN THE EDUCATIONAL SPACE

This article discusses the issues of introducing students to human capital. Human capital is the ability of people to work, which brings them income. Human capital depends on intelligence, knowledge, skills, health and quality of life. At the moment, the goal of the educational process is to teach everyone to keep up with the times, to be able to communicate and adapt to society. In order to become a competitive person, everyone must step out of their comfort zone. All this contributes to the development of cognitive processes of a person and expands his knowledge. Today, young people at different social levels have great opportunities to show their talents, knowledge and potential, depending on the experience they have acquired. The development of human competitiveness in the new socio-economic conditions of society is important for pedagogical science from the point of view of introducing students to human capital. That is why the methods, definitions and meaningful qualitative indicators of the formation of human capital are considered and analyzed as a scientific and methodological setting for the development of personal competitiveness. In addition, there are various approaches in the structure of human capital: the development of professional skills, professional development, accumulation of experience, retraining. Human capital encompasses competitiveness, mobility, creativity, and a number of other positive concepts. The use of this approach in human capital management allows us to increase innovation processes. New requirements for students in the educational space: the development of creative thinking and technical skills, the formation of communication skills necessary for a future specialist. In conclusion, conclusions are drawn about the content of sustainable

development of human capital, modern pedagogical principles and mechanisms of social development.

Keywords: human capital, abilities, labor training, stochastic paradigm, spiritual wealth, student.

Теруге 14.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,79 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,2.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3997

Сдано в набор 14.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

3,79 Мб RAM

Усл.п.л. 25,2. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3997

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz